



ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫң ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛАФАТЫ ҚАНДАЙ? немесе «Грядущий хам» кім?

Ойды ой қозғап, сөзді сөз тудырса, тілді тіл шығарады. Бұл философиялық категория әрі заңдылық. Мәселеге осы түрғыдан келсек, бір кезде негізі қаланған осынау мақаланы, жаңаша мән-мағына, мазмұнмен оқырманға ұсынып отырғандағы жайымыз, ұлт тағдырына немқұрайлы қарай алмайтындығымызда. Содан соң, жаңа тақырыпқа бір кезде пайдаланған фактілерді алға тартсақ, ол да артық емес деп ойлаймыз. Әйткені, тақырып пен факт бірін-бірі толықтырып әрі ашатын құбылыс. Әйтпесе, ойымыз асып, сөзіміз тасып, тіліміз қышып түрған жайы жоқ. Сонымен, осыдан 1-2 жыл бұрын ең шікемшіл, кірпияз тіл, ұлт сияқты тақырыптарға ши жүгіртіп, арандатып отыратын «Время» газеті Қанат Қабдрахманов дегеннің аузымен «Нацию сформируют русскоязычные...» дей келіп, ауыл мен қала қазағының арасына сына қақса, бұл жолы да о басылым сол автордан әдеттегідей сұхбат алып, оған: «- Что должен делать государствообразующий этнос в нынешней ситуации? Известно, что многие наши сограждане неказахи буквально сидят на чемоданах и уж, как минимум, давно присмотрели запасной аэродром, Страна готова к такому повороту событий?» – деп сауал қояды да, одан: «–Государствообразующий этнос – это нонсенс, архаика. Потому что современное государство образуют не этносы, а равноправные граждане. Этносы в наше время – а примеров тому бесчисленно – порождают только напряженность, конфликты, войны и геноцид.

В демократии не существует понятия «государствообразующий этнос». Это понятие из XIX века, когда формировались государства-нации – деген жауап алады. Бұдан, Қанат мырзаға сауал қойып отырған журналистің не түсініп, ол жауапты қалай қабылдағанын қайдам, ал, біз үшін осынау жауаптан ұлт тағдырына деген немқұрайлылық пен жауапсыздықтың барлығын көреміз. О мырза, бұрынғы КСРО-ның ыдырап, ондағы ел-жүрттың өз отауын көтеріп, ұлттық тәуелсіз де егеменді мемлекет атанғанымен шаруасы жоқ секілді. Тіпті, оны айтасыз, қабырғасы баяғыда қаланған Францияда француздар, Испанияда испандықтар, Англияда ағылшындар өздерінің аздығына қарамай, өздерін унитарлы-ұлттық мемлекетпіз деп мәлімдегені қашан. Украиндар да, латыштар да, эстондар да, грузиндер де солай. Мұндай мысалдарды әлем тарихынан көптең кездестіруге де, сондай-ақ, нақты мысалдармен алуан жайларды алға тартуға болады. Сонда, Қанат жазушының ұлттық мемлекетті XIX ғасырдың түсінігі деп қабылдауында не сыр бар? Бұл білместік пе, әлде, қазақты бір тұқыртып алу ма? Тіпті, іргеміздегі орыстар өздерін мемлекет құруши, мемлекеттің негізін қалаушы ұлттың деп санаса, біз олай демейтін тоқалдан туғанбыз ба? Біздіңше, Қанат орыс тарихын былай қойғанда, іргеміздегі Қытай тарихынан да хабары жоқ сияқты. Олар өздерін ұлттық мемлекет санайды. Одан архаизмді көріп отырған не орыс, не қытай жоқ. Сосын, журналист Қанатқа: «Часто говорят, что сами русские

провоцируют обострение международных отношений, не желая учить казахский язык» – деп сауал қояды. Шындығына келгенде, журналистің бұл сауалында ешқандай да шындық жоқ. Қазаққа жала жабу бар. Біз өз басымыз «сен қазақ тілін білмейсің деп немесе қазақ тілін неге үйренбейсің деп орыспенен не басқа ұлт өкілдерімен» байланысып жатқан қазақты көрген емеспіз. Олай болмаған, болмайды да. Журналист тарапынан бұл сұрақ нағыз арантаушының іс-әрекеті. Енді, кейіпкердің сұраққа жауабына келейік. Оның жауабы да, сұрақтан асып жатқан ештеңесі де жоқ. «Апама жездем сайдың» сұрақ-жауаптары. Яғни, ұлт мұддесін аяқ асты ету. Қанат оған: «Да, большинство русских не хотят изучать казахский язык. И в обозримой исторической перспективе они этого делать не будут. Ровно до тех пор не будет, пока мы, казахи, не станем народом в цивилизационном плане привлекательным. Пока мы в своем поводении, труде, отношении к себе и другим не станем притягательными, красивыми. Язык – часть нашей жизни, часть нашего духовного сознания, но не самая значимая. До тех пор пока мы в своей массе демонстрируем эгоистическое поведение и сознание, ничто казахское не будет представляться привлекательным» – деп жауап береді. Осы тұста Қанаттың өркениет пен мәдениетті ажырата алмайтындығын анық байқауға болады. Бұл жерде өркениеттің ешқандай да қатысы жоқ, ол қандай да ұлттың болмасын мәдениетіне байланысты. Тіл үйрену өркениеттің көрінісі емес, мәдениеттің, сыйластықтың, адами қарым-қатынастың көрінісі. Егер, орыс не басқа ұлт өкілі қазақ тілін жақсы меңгеріп жатса, ол оның «суын ішіп, отын оттап» жүрген жерінің ел-жүртyn құрметтегені. Бұл – мәдениет, өркениетке жатпайды. Құдайға шүкір, қазақ әзірше мәдениеттен жүрдай емес, оны кемсітіп, кекетіп отырған сол Қанат мырзалар мәдениетсіздіктің көрсеткіші болады да тұрады, маған. Әйтпесе, өзінің туған ұлтына соншалықты топырақ шашу кімге жарасатын іс дейсіз. Міне, өзін интеллигент санайтын журналист пен жазушының ұлт қалыптастыруды ұлағаттылығы осы болса, онда біз қашан, қай уақытта іргетасы берік, іргелі ұлттық мемлекет бола аламыз. Шынында да, қазақ Қабдрахманов сияқтылармен өзінің ана тілін сақтап, алғы ғасырларға кіре алмайды-ау, сірә! Олардың тағы бір жасқаншақтықтары өздерін «шала-қазақ» санайтындықтарында. Әйтпесе, о шіркіндерді олай кемсітіп жатқан саналы қазақты көрген емеспін. Бұлардікі, не «қорықсан бұрын сілтейдінің» кері немесе «ұрының арты қуыс» дегенге саятын жағдай. Мұндаиды орыстар ұрыны ұстасу үшін «На воре-то шапка гарит» дейтінге саятын жалтақтықтан туған қадір-қасиет емес пе? Әйтпесе, о мырзаның журналистің: «Ну и на сладкое, что будет с шала-казахами?» – деп қойған, ши жүгірттіге келетін сауалына: «Образованные городские казахи – люди поиска, а не устарелых этнических стереотипов и ложных иллюзий. Раньше или позже, но человек поиска непременно осознает себе личностью, а это подразумевает отчетливое понимание автономности и ценности собственной жизни. Личность нигде и никогда не чувствует себя изгоем,

потому что личность – это безграницная духовно-культурная империя, в которой живущий личностной жизнью индивидуум одновременно и повелитель, и народ. Ровно в эту сторону – от этничного сознания к личностному – движется культурный прогресс мира. Мы, городские казахи, прежде ощущавшие себя культурными маргиналами, пришли необычным, своим путем к осознанию необходимости формировать в себе личность, но результат складывается тот же, что и вы других частях культурного мира. И это хорошо» – деп жауп беруіне не жорық. Ал, енді өздерін «культурными маргиналами» санайтындарға келсек, «маргинал» сөзі қай оңған сөз дейсіз. Орыс тілді, қазақты бірден-бір сынап-мінеп жүргендердің қатарына жататын Олжас Сүлейменов маргиналдар туралы: «Американские социологи, пожалуй, первыми заметили и описали... маргинальный человек легко становится неустойчивой личностью с космополитическим мировоззрением, у которого нет чувства подлинной связи со своим народом, со своей родной культурой и исторической традицией. И потому никакой позитивной роли в развитии этноса и его культуры маргинальная личность играть не может» – дейді. Соған қарағанда, Қанат сияқтылар туралы Олжекең қателеспеген сияқты. Бұған біздің алып-қосар ештеңеміз де жоқ. Сосын, Қанат сияқты өзің тұлға санайтын адам журналист тарапынан арандатып қойылған сауалға «жалтаң» жауп бермейді (Тұлға туралы, кімді тұлға дейтінімізді әлі айтамыз – А.Ә.). Жалпы, соғы қездері «Время» газеті қазақ мәселесін барынша қолға алған сияқты. Олай дейтініміз, «Время» газетінің 26 сәуірінде Данияр Әшімбаевтан алған сұхбаты жарияланды. Енді, одан алынған үзіндіні сол қалпында берейік («Казахи за независимость не боролись»): «Теперь в Казахстане самая большая проблема – шала-казахи, те, что удерживает нацию от мракобесия и мамбетизма (прошу прощения, если кого-то этим словом обидел). Давайте будем с ними бороться. Пусть они все уедут, а мы построим правильное национальное государство. И будем говорить друг с другом только по-казахски. Только непонятно о чем. И кто будет тащить страну вперед? Я бы все эти национальные изыскания выразил так Представьте северные олени проходят стадию национального возрождения, пытаются восстановить исконные традиции оленеводства и активно ведут античукотскую деколонизацию не понимая, что оленеводство является традицией чукчей, а не оленей» – деген сөздер бар. Сонда, «Қанат пен Данияр мырза бірінің аузына бірі түкіріп қойған ба?» дейміз-ау, біз. Бұл «Время» газеті тарапынан өздерін «шала-қазақ» санайтындардың қолымен от көсөу емес пе? Яғни, қазақ пен қазақтың арасына ши жүгірудің таптырмас амалы осында жатыр. Мұндайды «Разделяй и властвуй» дейді. Сол «Время» газетінде атақты бишіміз Болат Аюханов Олжекеңнен де терең кетіп: «Вообще не люблю слово «патриот». Я кусочек, винтик этого государства. Для меня ковыль, Алатау, бараны – это не родина!» – дейді. Сонда дейміз-ау, мемлекетіміздің ұстанып отырған идеялық және идеологиялық бастамаларының арқауы, сол қазақстандық патриотизмді

қалыптастыру емес пе? Ал, Болат Аюхановтың «патриот» сөзін ұнатпаймын деуіне не жорық. Қазақ интеллигенті әрі интеллектуалы деп жүрген Бекең осылай десе, біз қалайша ұлт қалыптастыра аламыз. О кісінің сасқаны ма, тіпті, енді бір сөзінде: «У казахов никогда не было танца, влюбленная в Казахстан Лидия Чернышева создавала пластику на основе песен, обрядов, подражания традиционным занятиям кочевников!» - деп те жіберген. Сонда, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың би өнері қайда қалады. Бір ғана «Қамажай» биінің өзі неге тұрады? Атақты Шара Жиенқұлованың кезінде қайта жаңғыртқан ұлттық билерін қайда қоямыз. Қеңес Одағы кезінде Шара апамыздың атақ-дәрежесі Болат Аюхановтың қазіргі атақ дәрежесінен артық болған. Қалайша, Аюханов әлімсақтан келе жатқан әрі ғылыми дәлелденген қазақтың би өнерін белден бір-ақ тартып, жоққа шығарады. Шынымызды айтайық, «Время» газетінің соңғы кездердегі ұстанып жүрген бағыт-бағдары қазақты жамандау болатын болса, онда олар оны журналистика жанрының әртүрлі амалдарымен орындалап-ақ жүр. Мұндай амалмен біз еш уақытта да қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, ел тұрақтылығын ұзаққа жеткізе алмаймыз. Біздің шарқ ұрып, шырылдан жазатынымыз да, айтатынымыз да Қазақстан халқының тұтастығы, мемлекет атын алған ұлтты ұлықтамасаң да, сыйлау. Оның тілі мен ділін, әдет-ғұрып, салт-санасына ши жүгіртпей, қазақтың қолымен, қазақтың отын көсемей, ел тыныштығын ойла, біз де соны қалаймыз, Қанат мырза. Қазақ интеллигенциясының ұлт қалыптастырудағы ұлағаты қандай дегенде, алдымен оның кілті болатындағы ойға ие, белгілі орыс философ-тарихшысы П.Флоренскийдің: «Политическая свобода масс государствах, с представительным правлением есть обман и самообман масс... представительное правление ведет к господству случайных групп и всеобщей продажности; пресса, – к лжи» деген пікір-тұжырымына иек артқымыз келеді. Әйткені, мұнда тәменде тілге тиек болатын жайға қатысты сырдың бір ұштығы бар секілді. Шынында да, біз қазір жоғарыда келтірілген пікір тұжырымдағы көңіл-күй мен іс-әрекетті бастан кешіп жатырмыз. Бүгінде не көп, партия көп, тағы не көп, газет көп. Көп... көп... Ал, олардың сапасы қалай. Ұстанған бағыт-бағдарлары мен мақсат-мұраттары қоғамдық, мемлекеттік, ұлттық мұддесінен шыға ма? Олардың қай-қайсысы болмасын өзінше шырылдан шындық айтады, ал ұрып ақиқатқа жүгінеді. Бірақ, соның көбісі өтірік, көбісі демагогия, боссөзділік, абстракция... Олардың қозғаушы күші – ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ. Ол кім? Оған қояр талап-тілек қандай? Оның шетшегі қайда? Адамды несі, қандай іс-әрекеті үшін интеллигент дей аламыз? Егер, оған этимологиялық түрғыдан зерделей қарасақ, яғни, тереңдей тамырына үңілсек, онда біз оқығанның барлығын интеллигент деуіміз керек. Ол латын тілінде: «intelligere: понимать, знать, мыслить, иметь понятие о чем-либо» деген ұғымды білдіреді. Бірақ, өкінішке орай бұл пікірде біржақтылық басым. Әйткені, жоғарыдағыдай талап-тілекке жауап беретіндердің барлығы жақсы

адамдар емес. Әсіресе, ол қазіргі «нарықтық кәсіпкерлікке», «нарық саясатына», «нарықтық сауда-саттық ниет-құлышқа» көшкен кезеңде және соған қол жеткізіп жүргендердің көбісі «жақсы адам» талабынан табыла бермейді. Ендеше, интеллигенция оқып білім алу ғана емес, оның басты критерийін жақсы адам болудан іздеуіміз керектігінде. Сосын, білімдінің бәрі адам емес те, оқығанның барлығы шын мәніндегі білімді саналмайды. Сондай-ақ, кеңестік кезеңде біз білімді керемет алдық, бірақ, ең қатерлісі оны ұлттық мұддеге қарағанда жалпы адамзаттық-коммунизм идеясы бағыт-бағдарында пайдаландық. «Еуропаны коммунизм елесі кезіп жур» дегеннің де сыры сонда. Яғни, аталған кезеңдегі интеллигенттердің көпшілігінде ұлттық-текке негізделген қасиет жоқ. Ал, кез келген бейтарапсыздық (кіндік ұлт мұддесінен қарағанда) бейұлтшылдық ұғымын қалыптастырады. Толстойға жүгінсек, шын мағынасындағы интеллигент, қоғам, мемлекет, ұлт өміріндегі кез келген жағымды-жағымсыз, негізді-негіzsіz, арлы-арсыз іс-әрекетке немқұрайлы қарамай «Не могу молчать...» дейтін дәрежеге жеткенде ғана интеллигент бола алады. Және ол жариялышық түрде жүруі тиіс. Ендеше, біз өзіміздің жеке басымыздың мұддесін мемлекет мұддесімен ұштастырып, оны ұлт мақсат-мұратында пайдаланбасақ Лев Толстой талап-тілегінен табылмайтынымыз анық. Әсіресе, бұл қазір қазақ үшін ауадай қажет. Жалпы, ұлт, қоғам, унитарлы мемлекет мұддесін құйретуге бірден-бір ықпал етіп жүргендердің қатарында люмпендер бар. Олар да өздерін интеллигенттерміз дейді. Егер, интеллигент ұғымына жоғарыдағы алған білімі тарапынан келсек, шынында да, олар интеллигенттер. Сондықтан, біз осы бір қасиетті ұғымға біржакты «білімділік» талап-тілегінен келмеуіміз керек екен. Люмпендер бейұлтшыл, өзінің туған мәдениеті мен өркениетінен, әдет-ғұрып, салт-санасынан, діл мен тілінен қол үзгендер. Оларда сатқындық басым. Яғни, оларға қоғамдық, мемлекеттік, ұлттық мақсат-мұддедегі билікті еш сеніп тапсыруға болмайды. Бұгінде билік басына ұмтылып жүрген либерал-реформатор интеллигент өкілдерінің көпшілігі со дәрежедегі адамдар. Олар байлықта жеткен қол, билікке де жетеді деп ойлайды. Және оны халықпен бірге жасап жүрміз деп те көніл тойындырады. Өкінішке орай, олардың халықтан қол үзіп кеткені қашан. Міне, сондықтан да біз интеллигенция мен халықтың арасындағы байланыс бұгінде үзілген десек артық айтқандық емес деп ойлаймыз. Қоғамның бай мен кедей болып тапқа бөлінуінің де сыры сонда. Бізде қазір кейбір өзін интеллигент санайтындар өз ата-баба тарихынан кенде қалып, өзіндегі барды қанағаттанбай әлдеқайдан әлдебір адамдардан (біздің жағдайда Батыстан), өзін беделді санайтын ұйымдардан әлеуметтік-қоғамдық, айта берді саяси сілкіністі күтеді. Оған жақында бір топ журналистің «бізді ұрып-соғып, қызмет орындарымызды тонап, сөз бостандығы мен ой еркіндігіне Қазақстанда қиямет қысым жасалып жатыр, сондықтан, біз Батысқа шағымданамыз» деп қоқан-лоққы жасауы мысал бола алады. Егер, өзінді өзің қорғап, өз сөзіңе өзің жауап бере алмасаң, сосын

сол өзің тұрып жатқан қоғамның, мемлекеттің, ұлттың, тіпті, басты-басты шенеуніктердің жақсысын көре алмасаң оған кім кінәлі? Сан айтқанбыз, тағы қайталап айтамыз Алланың ғана билігінде шек, сосын кемшілік жоқ, ал, адамның билігінде шек те, кемшілік те бар. Ендеше, біз тек қана кемшілікті көріп, жамандықты теріп ел де, тіпті, жақсы журналист те бола алмаймыз. Оған ішкі және сыртқы мәдениетіміздің жетпеуі, сол интеллигентке қойылар басты талап, жақсы адам бола алмай жүргендігіміз кінәлі. Бізді қарақан басымыздың эгоизмі мендеген. Тек маған болсын деген мысық тілеумен өмір сүреміз. Сондықтан да, интеллигенттік дегенді білімнен емес, Имандылық пен жақсы адамдық қасиеттерден іздеген жөн. Оның бірден-бір көрсеткіші өзінің мемлекетінді, қоғамыңды, ұлтыңды сую. Міне, біздің «Қазақ интеллигенциясының ұлт қалыптастырудың ұлафаты қандай?» деуіміздің сыры сонда. Осындаға есімізге Достоевскийдің: «Нет народ наш не материалист настолько, чтобы думать об одним только насущных выгодах и положительном интересе. Он будет рад духовно, если предстанет великая цель, и примет ее как хлеб духовный» дегені түседі. Ендеше, өзін интеллигент санайтын әрбір азамат байлыққа қол жеткізуі билікке қол жеткізу деп түсінбей, өзгенің де, жалпы ұлттың рухы мықты болатындей іс-әрекет пен сөз арасында алшақтығы жоқ жағдайда қызмет етуі керек. Өкінішке орай, олай емес. Себебі, біз әлі мемлекетіміздің игі бастамасының не үшін, қалай жасалып жатқандығы, тіпті, оны «қалай жасау керек», деген бағыт-бағдарламасымен қоса Президентіміздің Жолдауына құле қараймыз. Мысалы ма, мысалы «Деловая Неделя» газеті өзінің «Бір сан и пара» атты бас мақаласында Франсуа Рабленің «Гаргантюа и Пантагрюэль» атты шығармасынан: «Revenons a'nos moutons» (Вернемся к нашим баранам) деген эпиграф алып, қазіргі мемлекет саясатындағы ауыл мәселесін мазақ еткендей болады. О шіркін, осынысымен бірдеңені тауып айтып, қауып (бұл итке ғана тән қылық - А.Ә.) жаздым дейді-ау, сірә! Сонын одан әрі: «О селе говорят обтекаемо и абстрактно. Единственное, о чем не забыли, пожалуй, то, где ходит «бешбармак» деп өздерінше әлде біреулерді, әлде кімдерді кемсітіп-кекеткендей сыңай танытады. Міне, бұл сөздерді айтып-жазып отырған сол «білімді» журналист-интеллигент. Сөз, сөйлем, тіпті, айтар ой «жаңалығындағы» шексіз жауапкерсіздікке таңқаласың. Және бұл «жаңалық» - әлгі аты-жөні белгісіз журналист-интеллигент үшін сөз бостандығы, ой-еркіндігі. Осыдан соң осындағы журналистер бізге қысым жасап жатыр деп зар илейтінін қайтерсің. Міне, осындағы жағдайлардан кейін біз, интеллигенция халық, одан да әрі кеткенде ұлт әлитасы бола алмыз ба? Эй, қайдам?! Бұлай деп түнілгендей болатыным, Қазақстанда «Азат», «Ақжол», «Ақиқат», «Коммунистік партия» секілді қанша партия барын білмеймін, бірақ, олардың әрқайсысының көшбасшысы саналатын адамдар шын мағынасындағы «Не могу молчать...» дей алатын интеллигенттер ме? Олай деп сауал қоятыным, солардың өздерінен не қосшыларының бірінің аузынан, не бағдарламасынан Ұлттық идея туралы естіп, оқымараппын. Сонда,

олардың кімге, қай ұлт-елге қызмет еткісі келетінін түсінбеймін. Ал, ол жалпы қазақстандық болса, оның ұлтсыз, ойдан-қырдан жиналған американцытардан айырмашылығы неде? Егер, біз мемлекетімізді қазақ республикасы демей, көп ұлтты Қазақстан мемлекеті деп айдарлай үкілеп, әспеттеп жатсақ Ұлттық идея кімге керек? Ал, керек дейік. Керек болса, ол қандай дәреже, қаншалықты көлемде болса керекті. Сосын, іргеміздегі Ресейдің, біздің отанымыздағы қандастары ол идеяны қолдап, «біз қазақ мемлекеттілігіне қосыламыз» дей қоя ма? Әй, қайдам?! Өйткені, кешегі Ресейден түсіп жатқан Дугин сияқты десанттар бұрынғы КСРО-ның екінші түрі Еуразия патриоттығын насхаттап жатса ше? Осы түстеп айта кететін жай. Біреу жақтырысын, жақтырмасын, біз Иран, Ирак, Сауд Арабиясындай, тіпті, іргеміздегі Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстандай болмасақ та мұсылман елміз. Оған елімізде мұсылмандардың өзге дін өкілдерінен артықтығын қосыңыздар. Міне, мұның бәрі Ұлттық идеяға барар жолдағы нақты факторлар. Сонда да, көп ұлтты екеніміз де өтірік емес. Отан бір кезде коммунистік-интернационализм идеясымен сузындал өскеніміз де жоқ емес, бар. Өз еліндегі осындай жағдайларды ескере келе, мысалы Ресейдің әлемдегі орнын саралай отырып орыс сыншысы әрі тарихшы-философы Вадим Кожинов: «Ресей ұлттық мемлекет емес, континент», – десе, оның қандасы Дугин православиеге негізделген орыс шовинизмін насхаттайтын Еуразия идеясын ұсынады. Ал, олардың бірде-біреуі бізді айналып өтпеуі бек анық. Мүмкін, бізге осының екеуінің біреуі керек шығар? Бұл сауалды «арандатушы сұрақ» деп түсініп, менің ой-пікір, тұжырымым сол екі Кожинов пен Дугин ұсынған идеялардың біреуіне де қосылмай, ұшінші жол іздеу керек дейтініме аспандағы Ай-Күндей сеніңіздер. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын орыстардың Мәскеуді үшінші Рим деп жарияладап, сол жолда еңбек еткенін жақсы білеміз. Біз төртінші Рим деп Астананы мәлімдесек ше, қалай болады? Еуразия идеясын ұсынушылар: «Эту нацию мы называем евразийской, ее территорию – Евразией, ее национализм-еврозионизмом», – деп жарсалып, орыс мұддесіндегі космополизмді насхаттаса, басқалары «Православие – важнейший источник русской идеи» деген тұжырым жасап, бүкіл ақпарат құралдары арқылы үгіт жүргізіп қана қоймай, жоғарыдағы айтқан Дугин – десанттары арқылы Қазақстандағы орыстардың арқасын қоздырып, тілін шығартып, дінін нықтап жатса, шынында біз қайда барып паналаймыз? Міне, осы тұстан интеллигенция өз сөзін айтуы тиіс. Әйтпесе, ұлттымыз қазіргі қауға тиген өрттей болып тұрған Еуразия идеясы мен Еуразия одағы түсініктанымы, бағыт-бағдары арасында адасып, мемлекеттік тұтастығымызға ши жүгірттейдегі ой жетегінде кетуі бек мүмкін. Осыған орай, негізі бір кезде қаланып, кейбір ой-тұжырымдарымыз мерзімді басылымдарда үзік-үзік жарияланып жүргеніне қарамай, өзіміздің евразия идеясы мен Еуразия одағы туралы ойларымызды алға тартқымыз келеді. Оған себеп, алға тартқалы отырған мақаламызға мұрындық болатын жағдай, осыдан біраз жылдар бұрын Парламент депутаттары О.Әbdікәрімов,

Ж.Тұяқбай, Ф.Байназаров, Х.Ережепов, Ғ.Қалиев, Қ.Тұрысов, М.Сағдиевтің өз әріптері Айталының тіл туралы көтерген мәселесіне өре түрегеле қарсы болуы мен содан соң, «Литературная газета» 23 наурыз күнгі №10 санында жарияланған Александр Дугиннің православияға негізделіп, орыс шовинизмі құлық-ниетіндегі Еуразия идеясына байланысты «Евразийство наследует дух и стиль Московской Руси. Это продолжение той Руси, того русского государства, где элита и массы говорят на одном языке и где этот язык национальный» дей келіп, «Сейчас наблюдается бум евразийцев в двух странах – в Казахстане и Турции. Там евразийцев не десять и не двадцать, там огромное количество людей в правящих элитах воспринимают евразийство как новый государственный курс» деген ойды қозғап «...в Казахстане это означает ускоренную реализацию Евразийского Союза – проекта Назарбаева» деп айтқан пікір-тұжырымы болды. Бұлардың екеуінен де аңғарғаным Қазақстанды көктен бері космополитизм елесінің кезіп жүргендігі. Өйткені, әлгі біздің депутаттардың өздерінің туған тілін жатсынып, оған оғаш мінез-құлық көрсетуі өзінің ел-жерін жоққа шығаруымен бірдей қасиет болса, ал, Дугин мырзаның әлімсақтан жалаулатып жүргені Азия мен Еуропа кеңістігін жайлаған аз ұлттарды жұтып қоятын идея. О мырза, қайда жүріп, қай жерде сөйлемесін кілең Президент Назарбаев ұсынған Еуразия одағын алға тарта береді. Және соны «көзір» етеді. Еуразия идеясы идеологының осы тұстағы білмейтін, не білсе де білмегендей кейіп көрсететін жағдайы, Еуразия идеясы патшалық Ресей кезінен бастау алатын империялық пиғылдан ерген Еуроцентризмге қарсы орыс шовинизмі бағыт-бағдарындағы ағым да, ал, біздің Елбасымыз ұсынып отырған Еуразия одағы болса, таза тәуелсіз мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстан туған оң идея. Сондықтан да, Еуразия идеясы мен Еуразия одағын еш жаңылыстыруға болмайды. Ал, біздің тарихшы, философ, сонымен бірге академик атанып жүрген енді бір қандастарымыз, білім саласын басқарып жүрген ана бір азаматымыз Еуразия идеясы мен Еуразия одағының ара-жігін ашып берудің орнына, оларды бірін-бірімен жаңылыстырып, қойыртпақ ете келе, қалың қазақты әрі-сәрі ететін мақалалар жазып, ойлар айтып жүргеніне таңғаласың. Академик Ә.Нысанбаев болса, Еуразиялық одақты «...славяндар мен тұрандықтардың іс жүзіндегі ішкі менталдық бірлігіне негізделген» идея деп ой түйетінін қайтерсіз. Біздің қайта-қайта Еуразия идеясы мен Еуразия одағын жаңылыстырмай, олардың ара-жігін қара ормандай қазаққа түсіндіре, ажыратып беруіміз керек деп қан қақсайтынымыз да сондықтан. Егер, сол тарихшылар мен академиктер жалпы Тұрандық идеяны қалыптастырып, оны Ұлттық идеямен байланыстыра, сонау, патшалық Ресей кезінен басталған Еуроцентризм және Еуразия идеясымен бәсекелес, яғни, ұлттық мақсат-мұддені жұтып қоюға дайын, жайын құлықты идеялар тудырған бәсекеге төтеп бере алатын идея етіп қалыптастыруымыз керек десе, айналып кетпейсің бе? Жоқ, бізде бәрі керісінше, Еуразия идеясы мен Еуразия одағын араластырып, қойыртпақ құлаш-құлаш мақала жазылып жатқаны.

Қайта, Елбасымыз ана бір жылы Мәскеуде өткен Еуразия одағына байланысты дөңгелек үстелде мәскеулік Еуразия идеясын насиҳаттаушы философтар мен саясаткерлерге, оның бағыт-бағдарын барынша түсіндіріп, Одақтың экономикалық жағына баса назар аударған болатын. Біздің жарғақ құлағымыз жастыққа тимей қашаннан бері жазып та, айтып та келе жатқанымыз, «Мәскеуді үшінші Рим» санайтын дугиншілдердің насиҳаттап жүргені Еуразиядағы аз ұлттарды түптің түбінде жұтып қоятын жайын құлышты Еуразия идеясының басымызды зорға арашалап алған КСРО-дан бірде айырмашылығы жоқтығы мен оның православияға негізделгендігі. Сонымен айтартымыз, шынымен Қазақстанда еуразияшылдар «огромное количество» болып, ол идея республикамызда «государственный курс» болса онда бізді шын мағынасында Құдайдың ұрғаны. Ондай бағыт-бағдарды шынымен темірқазық етсек, онда қазіргі бар тәуелсіздігімізден қол үзетіндігімізге сенім білдіре аламыз. Соның бәріне қарамай, қазақ ұлты өмір сүріп, өзінің барын әлемге бар қал-қадерінше танытып жатқанда, бізге сөзсіз Ұлттық идея ауадай қажет. Бірақ, ол – абстракция, сосын сана-сезімге де сыймайтын қиялдан өрлей, өмір, қоғам, мемлекет, ұлт, айта берді бүкіл Қазақстандағы өзге ұлттар мен ұлыстардың басын біріктіре алатын, сөйтіп, қазақ патриотизмін қалыптастыратын іс-әрекетіне үйіткы болатын Идея болуы тиіс. Мен Қазақстанды қазақсыз көз алдымға елестете алмаймын. Сол қазақ қазір ақпараттық және этнодемографиялық соғыстың өтінде тұр. Ұлттық идея бізге сол соғыстарда өзгені қорлап, аяқасты етпей, өзіміздің ұлттық мұддемізді қорғап қалуға ерекше көмектесер еді. Мемлекетіміз бүгінде ауыр-женіліне қарамай, белгілі бір нарықтық кезеңнен өтті. Ендеше нарыққа лайық ұлттық интеллигенция, сондай-ақ, ұлттық саяси элита да өмірге келді. Қазір аз болсын, көп болсын, жақсы не жаман болсын, қазақ қоғамын ұстап тұрған сол элита. Бұрынғы Евразия идеясы – эвроцентризмге қарсы құрылған одақ болса, бүгінгі Неоевразия идеясы атлантизм мен американизмге, сосын жалпы глобализацияға қарсы партия. Олардың негізін қалаушы бұрынғы князь Турбецкой, Савицкий, одан әрі Гумилев, одан да бері Дугин. Сол Дугин мәселені Сізбен, бізбен ақылдаспай, кеңеспей: «Общая для всех казахстанцев национальная идея, может быть и есть. Это – Евразийство», – деп шешіп қойған. Оған ондай құқықты кім берді?!. Орыстар «Москва – третий Рим» деуінің сырты мемлекеттік құрылымның приниптері мен сол ұлттың тәнін қорғайтын жолдарды анықтап алу үшін бағытталған. Оған геосаясат, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық-территориялық мәселелер кіреді. Онда саяси принцип, бар билік орыстардың қолында болуы тиіс. Қалғаны солардың сұқ саусағы арқылы бөліске түсіп, өзгелер солардың «шешімімен» еншілеп жатады. Ал, Мәскеу жалпы ұлттық мемлекеттік-құқықтық ұйымның орталығы болып қайта жаңғырады-мыс. Сонымен, болашақ Ұлттық идеяның негізін, яғни, жобасын неден, қалай қалыптастыруымыз керек? Бірінші, ол идея – мемлекетіміздің демографиялық және ақпараттық-саяси технологиясын заманға сай

ұлттық негізде өргіздіріп, ұлттың тәні мен рухын тең дәрежеде дамытуға ат салысусы тиіс. Ал, ұлттық рухани құндылықтар жаңа мағына-мәндегі әрі түрдегі қайта құрылған материалдық-практикалық қызмет пен экономикалық ұлттық реформаға бастама болмаса болмайды. Ол үшін шығармашылық, яғни, творчестволық интеллектуалдық күш-жігерді жинақтауға тиіспіз. Ал, люмпендер – туған мәдениетінен қол үзген адамдар, бірақ, оларда интеллект жоқ деуге болмайды. Бар болғаны олар ұлтына жат-жүрттай қарайды. Міне, бұлар біздің Ұлттық идеямызды қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Ұлттық идеяның негізі – Тіл, Дәстүр, Дін, сондай-ақ, Діл, әрине, одан әрі қоғам, мемлекет, үкімет болып кете береді. Ұлттық Діннен еш бөліп қарауға қанша болмаса, Ұлттық идеяны да сонша бөліп қарауға болмайды. Өйткені, Дін – ұлттық негізгі тұрмыс-тіршіліктегі Иманға негізделген өмірлік құндылығы. Біздің қандай да идея ұлттан, өмірден, қоғамнан тыс болмауы керек дейтініміз сондықтан. Осы тұста мен сіздерден Ұлттық идеяны қалыптастыратын бірден-бір көз интелигенция ұлттық элита мәртебесіне, яғни, статусына лайық па деп сұрақ қойсам ше? Әрине, лайық болуы мүмкін. Бірақ, олар, бірінші, қанша білімді болғанмен өресіз, біліксіз, имансыз болса, екінші, сана-сарабынсыз, соқыр сенім-нанымдағы батысшыл, ұлттық тек-топырақтан ада болса, сөз жоқ, мұның екеуі де бейұлттық адамдар. Мысалы, біз Қазақстанның экономикасын қазақ тағдырын, тарихын, мәдениет, әдебиетін, рухани бағыт-бағдарын, тілін, ділін, менталитетін білмейтін Қанат Қабдрахманов секілділердің қолына тапсырсақ, ешуақытта Ұлттық идея қалыптастыра алмаспзы. Ұлттық идеяның ең негізгі көзінің бірі сол – экономика, материя. Әрине, рухсыз еш материя мәңгілік бола алмайды. Бірақ, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайсыз да Ұлттық идея толыққанды қалыптасаса алмайды. Сондықтан, ондай құндылықтарды өмірдің өзі қалыптастырып, реттейді. Сонда да, онда төмендегі негіздер болуы тиіс. Бірінші, ұлттық дәстүрлі психологиясы, екінші, ол нақты қазіргі жағдайға сай болуы тиіс. Мемлекеттің тарихын қалыптастыратын қоғамдық дамуды ұлттық негізге бағыштамасақ тағы болмайды. Оның көзі құқықтық-зандылық негізде. Яғни, Ата Заңымызға сүйенген зандылықтар, сондай-ақ, Үкімет, Президент, Парламент болып сол Ұлттық идеяға кең жол ашуға мүмкіндіктер жасауы тиіс. Ұлттық идея болса – тұлғалар қалыптасады. Тарихи тұлғалар тарихи идеялар болған тұста болады. Міне, солар шын мағынасындағы интелигенттер болып қалыптасады. Идеяның орындалуы ұзақ процесс. Ол бірнеше үрпаққа кетуі бек мүмкін. Бірақ, ең бастысы, негіз қаланып, темірқазық анықталады. Кеңестік кезеңдегі идея солай болған. Қазір де сондай идеяның орнын Ұлттық идея алмастыруы ауадай қажет. Жалпы, қазақ халқында ұлттық идея-жинақтаулы күшке ие болып, ұлттық топтастыратын рөл атқарған. Асанқайғының Жерүйің іздеуін алыңыз. Оның еврейлерге қырық жыл «Земля обитавения» іздеген Мұса, Мойсейден несі кем. Бұл мәселеле бұдан да терең, кең әңгімеледі талап етеді. Бұл үзік сыр ғана. Сондықтан, ұлттық идея іздеушілердің басы да,

аяғы да біз бола қоймаспзыз. Мәселе, соны тауып, қалыптастыра аламыз ба, әңгіме сонда. Білсеңіздер, осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын біз ұлт, жеке тұлға – азамат ретінде де социал-коммунистік қоғамның ұжымдық тәрбиесінде болып, «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» принципінде, образбен айтқанда бір қазанның қайнауынан шығатынбыз. Тіл, діл, ой жүйеміз, оны айтасыз күнделікті тыныс-тіршілігіміз қоғамдық-өмірлік қарым-қатынасында бір қалыпта (стандарт, штамп десе де болады – А.Ә.) дамып, болашақ «коммунизмге» нық басып бара жататынбыз. Әрине, бұл тұста о «сара жолдың» бәрі де бұрыс та дұрыс емес десем мен қатты қателесемін. Бірақ, оның әйтеуір бір мүкісі барын кеңестер одағында астыртын шығатын «Самиздаттан» жарық көретін басылымдардан оқып та, біліп те жүретінбіз. Егер, тағы да бір со қоғамда отыз-қырық жыл өмір сүргенде біздер шынында да, В.И.Лениннің: «Целью социализма является не только уничтожение раздробленности человечества на мелкие государства и всякой обособленности наций, не только сближение наций, но и слияние их» дегеніндегі дәрежеге де жетіп жығылар едік. Әйтеуір, Құдай сақтады. Адам өзінің ежелгі бұзылып, жүре келе жалған да жасанды жалғасқан о бастағы табиғи имандылық сезім екпінін сақтап, бүгінде утопиялық гуманизмнен бас тарта отырып, өзінің тарихи-табиғи тектік имандылыққа негізделген мораліне қол жеткізу үшін ұлт – халық, жеке адам – көпшілік арасынан өзінше бір Тұлға болып қалыптасуын бастады. Ұлттың тұлғалылығы – ұлттың және унитарлық мемлекет негізі болса, ал, жеке адам тұлғалылығы – ұлт айнасы интеллигенция жиынтығының көрінісі. Мұның екеуінің де анықтауышы – антропологиялық-психологиялық, өздеріне ғана тән қасиеттер жиынтығы. Ендеше, қазір қазаққа мынау айран асыр, бірін-бірі жұтып, жойып жіберуге әзір әлемде ұлт ретінде де, азамат ретінде де Жеке тұлғалыққа тән интеллигенттік және интелектуалдық қадір-қасиет ауадай қажет. Мұны Достоевский өзінің күнделігінде: «Нация есть ничего больше, как народная личность» деп тұжырымдаған болатын. Бұл метафора не көркемдік тәсіл емес, солай. Мұнда Рухани әрі тектік тұтастық бар. Мұны жоғалтқан күні Ұлтта, жеке адам да ешкім емес. Ол бейтүс, бейтіл, бейділді, өмірі және тыныс-тіршілігі, болмыс-бітімі хаос (былық, тәртіпсіз, ұйқы-тұйқы) жан иесі ғана. Ал, жеке тұлға ретінде қалыптасқан ұлт та, адам да, жалпы халықтан, адамзаттан қол үзбейді. Қайта оларды құрап, толықтырады. Әзірше, біз кімбіз, қайда бара жатырмыз. Мұны анықтап білу, әрі болашаққа нық баруымыз үшін өзіміздің халық арасындағы ұлт ретіндегі де, сол ұлт ішіндегі азамат ретіндегі де жеке тұлғалылығымыздың көзін ашып, олардың рухани желеп-жебеушісі болуға міндеттіміз. Әйтпесе, біздің болашағымыз, қазақтың ұлт ретіндегі ертеңі, әлемге тән қоғамдық өмірі, тыныс-тіршілігі ұлттың, Қазақстанның соңғы жанталасқа толы түяқ серпілісі (агония) болуы бек ғажап емес. Ал, ұлтты, оның ішінде жеке тұлға – қазақты құртып, жоқ қылышп жіберу үшін ешқандай атом, не ядролық қарудың қажеті жоқ, бар болғаны оны жадынан жаңылыстырып, ақыл-ой, сана-сезімі мен тілін

жойып жіберсең болғаны. Бұл әлімсақтан келе жатқан Еуроцентризмнің, қазіргі ғаламдастырудың баяғыдан бері бір-біріне жалғасқан әрі алға қойған мақсат-мұддесі. Біз бұның бәрін неге қозғап, ділмәрсіп жазып отырмыз. Енді, тақырыбымыздың «Грядущий хамфя» келейік. Осыдан көп жылдар, кеңестер кезеңі кезінде «Самиздатта» жарық көріп, қолдан қолға беріп, жасырын оқитын орыс философы әрі дінтанушысы Дмитрий Мережковскийдің осы тақырып аттас мақалалар жинағын бүгінгі ашық жарияланған басылымында: «В начале XX в. наблюдалось резкое ухудшение человеческого качества, а это привело к нарастанию хамства в общественной и личной жизни. Хамство – это не озорство, а «острая политическая опасность». Хамство – одно из самых распространенных психологических насилий над личностью, против которого общество так и не создало защитных средств. Нравственные уголовники чувствуют себя в полной безнаказанности – на них, как правило, нет управы» деген жолдар бар. Мұндай жағдайлар испан философы Ортега-и-Гассет жазғандай «ешкімге бағынбайтын» «Тобыр көтерілісі» (Восстание масс) басталған кезде көзге ұрып, көңілге қаяу түсіреді. Бір қызығы орыс философының тілге тиек етіп, көтеріп отырған мәселесі дәл сол күйінде XXI ғасырдың басында қайталанып отырғанына еріксіз таң қаласың. Біздің тарихтан сабак алмайтындығымыздың да сырғы сонда. Шындығында да, қазір өзін могиканның соңғы тұяғы, тіпті, қоғамның қай саласында болмасын өздерін ұлы тұлғалар санайтындар көбейіп кетті. Солардың қатарында Қанат Қабдрахманов та өзін «личность» санайды. Олар кімдер? Олар бір кезде өздеріне социал-коммунистер жағдай (аура) жасаған, ұжымдық тәрбиенің бар жылы-жұмсағын жеп дәніккендер. Мұндай «хамдар» өзінен басқа өзгені көрмейтін қасиетке ие құбылыс. «Хам» тойымсыздығы мен мещанның өзінен-өзі ісіп-кеуіп, бұтқа толып жүретіндігінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Олар ел-жүртқа бермейді, керісінше, ел-жүртттан алады. Өйткені, олардың өмір сүру принциптері солай. Оларды көзben көріп, көңілмен сезінгенмен де, қолмен ұстап сотқа бере алмайсың. Соңдықтан да, ондайлар кез келген жерде өздерін еркін ұстайды және өздерін сол жүрген жерде қожайындағы сезінеді. Мұның бәрі сол ірі тұлғаның жоқтығынан. Кім көрінген могиканның соңғы тұяғы, тұлға деген қасиетті ұғымдарды өздеріне қалқан етіп алған. Сонымен қорғанады. Патша заманындағы сөз тасып, ел бұзарлығы басым болған «распутиншинаның» мұрагер-мирасқорлары да солар. Олар өз заманына қарай құбылып, хамелеондық танытып өмір сүре, мысық тілеулі жүріспен өздеріне жағдай жасап алады. Ал, оған кедергі келтірсөң ешқандай аяу жоқ. Мережковскийдің «Грядущий хам» деп отырғандары солар. Орыс ойшылы С.Қара-Мурзаның: «Хамы» забыли свое место, смешались с духовной аристократией, растворили ее в себе, портили ее расу» деуі де соңдықтан. Мұндай көріністі тежейтіндер тек қана шын мәніндегі ұлт тұлғалары. Ендеше, бізге қазір тұлға тәрбиелеумен айналысу керек. Именіп, жасқанатыны жоқ ұлт пен адам Құдайдан да қорықпайды. Ол

имансыздықтың көрінісі. Иман – тілмен айтқанды, ділмен (жүрекпен) бекіту, әрі оны өзінің іс-әрекеті арқылы нықтау. Әр ғасырдың өз «хамдарының» пайда болуы заңдылыққа айналған тұста қоғам күйрейді. Бұл да бір сол «ешкімге бағынбайтын», ештеңені мойында мауға тырысатын имансыздықтың көрінісіндегі әсерден туған қызықтар емес пе?.. Ендеше, тағы да қайталап айтамыз, қазір қазақ ұлт ретінде республикамыздағы өзге халықтарды біріктіріп, тұтастыра тартып тұратын «магнит» болып, ал, азаматтарымыз адам ретінде жеке тұлға болуы тиіс. Кей кездері алаңға шығып айқайладап жүрген, болмаған жағдайда топтаса қоғамдық тәртіпті бұзушылар сол тобырлар тобына жатады. Ал, өзін интеллектуал санайтын, енді, бір топтың өкілі Әуезхан Қодар мырза «Алдымен ұлт деген сөздің өзін түсініп алайық. Ұлт – тарихи категория. Тарих қалай өзгерсе ол солай өзгереді» деп, сол оның солын білмейтін тобырдың қолтығына су бүркіді. Бұл не деген абсурд. Логика қайда? Әуезханның аузына осы сөзді салып отырған қай Құдай, не қандай адам. Түсініксіз, Әуезхан демекші, бұл секілділер қоғамымызда шаш етектен. Олардың кітаптары мен мінбелерде айтқан сөздері том-том болып шығып жатады. Оның ішінде өзің орыс тілді (дұрысы орыс – А.Ә.) Қабдрахманов та бар. Соған қарамай, кітап пен сөз басты нәрсе емес. Ол тілмен айтылып, қаламмен жазылса да – діл (жүрек) мен іс-әрекет арқылы бекітілуі тиіс. Міне, осы басты нәрсе. Оны тек тұлға ғана бір-бірімен ұштастырып, өзі өмір сүріп отырған қоғам мен мемлекет, ұлт мұддесіне пайдаланады. Ұжым оған көмектеседі, қолдайды, қорғайды. Сөйтіп, әлгі жеке тұлғаны әлемдік деңгейдегі азаматтыққа көтереді. Мұны білмеген, не білсе де құлаққа ілмейтіндер әлем аузындағы Андрей Сахаровтың «Меморандумындағы» (1968): «Человечество может безболезненно развиваться только как одна семья, без разделения на нации в каком-либо ином смысле, кроме истории и традиций» деп жазғанындағы өмірге бейімделіп әрі сұранып тұрады. Бұларды біз батысшылдықтың балалық ауруымен ауырғандар дейміз. Оның көрнекті өкілдерінің бірі Олжас Сүлейменов. Осы бір ірі тұлға болуға барлық мүмкіндігі бар адамның бүгінгі күнге дейін өзінің тұрақты, берік позициясын азамат ретінде қалыптастыра алмай жүргеніне таң қаламын. Ал, оның гуманистігі – саясаттанғандығында. Эрине, Олжекен, Олжас Сүлейменов ел-жерді, қоғамды, ұлтты, адамдарды сүйеді, бірақ, оның сүйіспеншілігі коммунизм құрылышының pragmatistік (Нақты мәңгілік ақиқат емес, өтпелі шындыққа негізделіп, уақытша қорытынды шығатын іс-әрекет деген ұғым. – А.Ә.) сүйіспеншілігі сияқты. Сосын о сүйіспеншілік шыны не мұз қаланы жобалаушы архитектордың сүйіспеншілігі десе де болады. Және бұл қасиеттердің жүқпалылығы сонша, қазір, оның соңынан бір топ со секілді азаматтар тәрбиеленіп, ұлт менталитетінің қайта қалыптасып, мейлінше өзін-өзі сақтап қалуына кері әсерін тигізуде. Оның айғағы Олжас Сүлейменовтің «Сөз» газеті журналисінің (түп-нұсқаны бұзбай сол қалпында беріп отырмыз - А.Ә.): – Мы не Афганистан. Мы дос тойны демократии? – деген сауалына: – Мы достойны, безусловно, но когда мы в процессе

ускоренной эволюции станем единой нацией. А кто мы сейчас - нация или национальности? В Афганистане пока нет национального самосознания, у них есть племенное сознание. Они - союз племен до сих пор. В этом смысле мы ближе к Афганистану и Ираку, чем к Франции. Сейчас мы объединяемся, как казахи, только когда рядом есть другие национальности. Они, как обручи, которые бочку объединяют, - это наше окружение, среда. Убери эти обручи и, боюсь, рассыплется бочка» - деп жауап бергені. «Тауды аласартпай, даланы асқаңтататын» Олжас осылай, өз халқының еңсесін басып, сағын сындырады. Сондай, енді, бір топтың өкілдері қос Мұхтар Шаханов пен Мағауиннің бүгінгі Шыңғысхан туралы арты дау-дамайға айналған талас-тартыстары. Яғни, өздерін жазушы әрі азамат санайтын қаламгерлердің жеке бастарынан туған эгоизмдері, одан ары кеткенде «Мен-мен» деген болмыстан өрген қасиеттері ғана. Әйтпесе, өзін, өзінің шығармашылығын сыйлайтын жан ешқашан «Өнбейтін дауды, өспейтін адам қуады» деген принциптегі мәселені қоздырып, оны қоғамдық дертке айналдырмайды. Бір-бірінің жеке бастарын қазбалаған тартыс тұжырымды пікірлер талқысы емес, ол - дау. Шығармашылық дауқестік басталған тұстан ақырат шегінеді. Сосын, қаламгерлік мүмкіндігі таусылғандар қандай да болмасын әдістәсіл, іс-әрекеттермен жүрттың көз алдында жүргісі келеді. Қос Мұхаңың елді екі жарып, бір-бірімен дауластырып қоюы соның көрінісі. Әрине, бұл сыннан әртүрлі жолдармен ақталуға болады. Бірақ, соның өзі дауқестіктің көрінісі болып шығар еді.Әйтпесе, мен Мұхтар Мағауиннің, Мұхтар Шахановтың да Шыңғысхан туралы талас-тартысқа толы мақалаларының бәрін оқыдым. Мениңше, осы бір тарихи тұлғаны Мағауин мен Шахановша бағалауға болмайды. Олардың екеуін де оқырманның талғам-таразысын бұзып, бағыт-бағдарларынан адастырушылар деп есептеймін. Өйткені, екеуі де Шыңғысханға (жалпы тарихқа - А.Ә.) қазақ ертегісіндегі дюдің жалғыз көзімен қарайды. Бірі Шыңғысханды өлтіре мақтаса, екіншісі сілейте даттайды. Ал, тарихқа, сондай-ақ, тарихи тұлғаларға біржақты баға беруге болмайды. Шыңғысхан трагедиялық тұлға. Оған XXI ғасырдың гуманистік көзімен қарасақ, тіпті, қателесеміз. Жалпы, тарихқа қазіргі ғасырдың көзімен емес, сол кездің болмыс-бітімі, тарихи ситуацияларымен қарау керек. Олай етпесек, біз халықты ғана жаңылыстырып қоймаймыз, болашақ үрпағымызды да ұлт ретінде қалыптастыратын жолдан тайдырамыз. Соңғы кездері, қазақ қоғамында «әуесқой тарихшы» деген сөз тіркесі пайда болды. Ол кім өзі. Мениңше, ондай адамдар тарих ғылымына жолдан қосылған, жолбикелер деуге келетін ұғымнан туған қадір-қасиетке ие жандар. Тарихты да мың саққа жүгіртіп, бұзып жүрген де солар. Тіпті, Шыңғысханға Отырады азат етуші ретінде баға беріп жүрген жазушы-ғалымдарды да білеміз. Азды-көпті білім-біліктілігімізben тарихқа көз жүгіртсек, кезінде Отырап Хорезмшахтың қол астында болған. Ал, Хорезмшах - жаулап алушы. Бір жаулап алушыдан - Хорезмшахтан, екінші жаулап алушы - Шыңғысхан келіп тартып алды. Бар болғаны сол. Сондықтан, Шыңғысханға азат етуші

ретінде қарау, оны соншалықты мақтау еш қисыны жоқ нәрсе. Ресейлік жазушы Исаї Калашников Шыңғысханның заманын «Қатыгез ғасыр» деп атайды. Меніңше, ХХ ғасыр одан да өткен қатыгез ғасыр. Оны бір кезде орыс ақыны Блок «Железный век» десе, Қалтай ағам Мұхамеджанов «Қан қүйлы ғасыр» дейді, ал, жазушы Смағұл Елубай оған «Қиямет қайым ғасыры» деп діни түсінік береді. Біз мұны неге соншалықты тәппіштеп, індете таратып кеттік. Олай дейтініміз, егер де, біз шын мағынасындағы ұлт тұлғаларын қалыптастырымыз келсе, болашақ ұрпағымызды тарихқа немесе өткенімізге ертектегідей дюдің жалғыз көзімен қарауды үйретпеуге тиіспіз. Сонда ғана ұлт тұлғалары мен жоғарғы интеллектуалды ұлт интелигенциясын қалыптастыра аламыз. Бір кезде осы сөздерді жазып отырған пендешіздің марқұм Қалтай Мұхамеджановтан сұхбат алғаны бар. Сонда о кісі пендешіз қойған Шыңғысхан туралы сұраққа: «Шыңғысхан туралы 30 жыл материал жинап келемін. Ол туралы біздің жігіттер жазды. Менің Шыңғысхан жөніндегі көзқарасым басқа. Мен ол туралы жазылған еңбектердің бәрін оқыдым, бір-екі варианттын жаздым да. Ойымнан шықлады. Отірік. Шыңғысханды мен түсіне алмадым... Сондықтанмен оны әрі айналдырып, бері айналдырып бұны жаза алмадым. Өйткені, «злой генийларды» жазу дейтін Құдайдың азабы... Осы тұста айтарым: «Драматургия – это живая клетка человека». Тірі клетканы сахнаға шығару – құдайдың азабы, білдіңіз бе? Сіз оқырманнан бетпе-бет қалған «тірі клетканы» көз алдыңызға келтіріңізші. Оған менің шамам келмейді. Не дейсің, Шыңғысхан туралы жазылғандардың қолыма түскендерін бәрін де зерттедім, зерделедім, бірақ, атақты қолбасшы туралы жазуға шамам жететін түрі жоқ...» деп жауап берген болатын. Көрдіңіздер ме, Қалекең Шыңғысханды бірде «злой гений» дейді, енді, бірде «атақты қолбасшы» деп алдыңғысын жуып-шаяды. Бұл кемшілік емес, бұл тұлғаны жан-жақты танып, ол туралы пікір айта алмасына көзі жетіп, сөзін иманға жығып, өзін тәубеге шақыру. Әйтпесе, ол Мұхтар Шаханов не Мұхтар Мағаун секілді бір жақты пікір айтса қолынан келмеді дейсіз бе, келді. Қалекең Шыңғысханды жамандаушылардың евроцентризм пікірін әлемге таратушылардың Шығыстың ұлы тұлғаларына тас лақтырып. Батыстың тұлғаларын көтермелейу ниеттерінен туған астам пиғылдарын жақсы білетін. Мұнымен айтарымыз, егер, осындай мәңгілік бітпейтін дау қуалайтын ақын-жазушыларымыз түрғанда біз ешқандай да жеке адамдарымызды ұлт тұлғасы әрі ұлтымызды өзге халықтар арасындағы тұлға ретінде қалыптастыра алмаймыз. Ана бір кезде өткен «Орталық Азия және Еуропа елдері мәдениет қайраткерлерінің ыстықкөл кездесуі» атты бас-қосуында режиссер Болат Атабаев мырза ғаламдастырудан қашып құтыла алмайтынымызды тілге тиек ете келе «Мен қазақ болып туғаныма мақтанамын» дейтін ақындарды түсінбеймін. Ол неге дүйсенбі құні сағат таңғы онда туғанына мақтанбайды» депті. Кезінде ресейлік Эльдар Рязанов: «...для меня национальность не имеет никакого значения. Есть замечательное выражение по этому поводу: это

все равно что гордиться тем, что ты родился во вторник или в четверг. Национальность – это не беда и не заслуга» деген пікірін мысалға келтіріп, бұл үлтты тексіздікке шақырып, өзінің қайдан шығып, қайда баратынын білмейтін мәңгүртке ғана тән қасиетке ие жандардың аузынан шығатын сөз деп сынаған едік. Ал, жоғарыдағы Атабаев мырзаның айтып отырғаны әлгі Рязановтікінен қай жері артық-кем. Эйтпесе, тағы бір мысал, режиссер-кионодокументалист Эльза Ділмұхамедова деген ханым ресейлік Евгения Доцук атты журналистке сұхбат бере келіп, өзінің тарихшы Лев Гумилев ықпалымен христиан, оның ішінде православия дінін қабылдағанын айтады және атақты ғалым оны шоқындырып, осынау ерекше күн есте қалу үшін өзінің «География поведения» деген тақырыпта оқыған лекциялары жазылған аудиокассетасын сыйлапты. Міне, көрдіңіздер ме, сана сарабына салмай, көзсіз елтіп-елікken орысшылдарға бұз да мәртебе, мақтаныш. Олардың арасында «Біздің сала қызметкерлерінің (дипломатия қызметі туралы айтып отыр – А.Ә.) қазақ тілін білуі міндепті емес» – деген экс-министр Ерлан Үйдырысов та бар. Ал, енді бір Мұрат Ерғалиев деген азамат журналистің «Ұлтыңыздың кім екенін айтпайсыз ба?» деген сауалына «Бұл сіз үшін өте маңызды ма, «Мен орысша ойлаймын, демек, орыспын ба...», «Әлде, паспортимда не жазылса, соны көрсетуім керек пе?», «...Менің кім екенім жұмбақ күйінде қала берсін, мүмкін мен еврей шығармын...» деп, сұрақты сиырқұймышақтандыра келіп, «қаша» жауап береді. Мұндайды қазақ, «тегі мен ұлтын құл немесе қу ғана жасырады» дейді. Осыдан соң, біз қалайша ұлт қалыптастырудығы қазақ интеллигенциясының ұлағаты тамаша деп айта аламыз. Ендеши, үлтты әрі жеке адамдарды тұлға етіп тәрбиелейтін бірден-бір көз, оның Ана тілі әрі қазақтығы. Біздіңше, тіл екі бағытта дамуы тиіс. Бірінші, әкімшілік-территориялық бағытта, ол жоғарыдан, Президенттік әкімшіліктен бастап, яғни, Астанадан түкпірдегі ауылға дейінгі аралықтағы ресми қатынас қағаздары мемлекеттік тілде жазылып, оған жауаптар да со тілде болуы керек. Сосын, кез келген министр не өзге шенеуніктер шетелге ресми сапарға шыққанда мемлекеттік тілде сөйлеп, оны аударушы (тілмаштар) қазақ қос тілді, тіпті, одан да көп тілді болуы керек. Бұл жерде біздің айтып отырғанымыз, қай бір болмасын мемлекет өкілімен сөйлескенде аудармашыны (тілмашты) пайдалану, сөйтіп ана тіліміздің қадірін арттыру. Эйтпесе, Қытай елшісі орысша білмейді дейсің бе, білгенде қандай. Бірақ, ол өз тілінде сөйлейді. Өйткені, ол принцип, өмірлік қағида. Екінші, ол төменнен отбасы, табалдырықтан басталмай болмайды. Үйде, көшеде Президентіміз айтқандай «қазақ пен қазақ қазақша сөйлесуі» тиіс. Осы екі жолсыз тіл мәселесінде түйиқтан шығу жоқ. Ешкімді зорлап, мемлекеттік тілді меңгер деп сөзінді өткізе алмайсың. Сондықтан, қазақ ұлт ретінде тәжірибеден тыс қалған ақыл-ой, сана-сезім және түсініп білуге болмайды дейтін ұғыммен емес, (оны ғылым тілінде трансцендент дейді – А.Ә.) кез келген нәрсені өз табиғи болмыс-бітімі, тегі арқылы айналадағы нақты тыныс-тіршілікпен байланыстыра

дамытып, жаңартып-жақсартуға болады деген табиғи түсінік-түйсікпен өмір сұруі тиіс (оны ғылыми тілде имманент дейді – А.Ә). Сонда ғана мемлекеттік тіліміз ұлтты әрі жеке азаматтарымызды тұлға ретінде қалыптастыруға оң ықпал етеді. Ал, оны жабыла қолға алмасақ тағы да болмайды. Мақаламызды қорыта келе айтарымыз, «Грядущий хам» өкілдері кез келген уақыт, қандай да жағдайда болмасын қоршаған ортамызды, атқарып жатқан қызметіміздегі аурамызды бұзбауы тиіс. Олар үшін бір-ақ мораль бар – ол маған жағдай жаса деген үфым ғана. Ондайларға тыйым салатын, оларды имендіретін Жеке тұлға. Жеке тұлғаның мысы әлгілерді басып отырып, еркінсіп кетуіне жол бермейді. Ұлт та солай. Ендеше, Қазақстан халқының ішінде ұлт ретінде тұлға болуы тиіс. Сонда өзге халықтар оны сыйлайды. Сосын ғана біз Қазақстанның тұғырын биік ете аламыз. Егер, біз қазақ интелигенциясы ұлт қалыптастыру үшін келер үрпаққа ұлттық ұлағат көрсетпесек, онда қазіргі евроцентризм мен атлантизмге қарсы тұра алмаймыз. Оның арғы жағында ғаламдастыру атты аждаһа тұр. Уақыт пен кеңістіктің шек-шеңберінде өзіміз бен өзгенің арасын ажыратада алмасақ, тектік – этноәлеуметтік әрі ұлттық тұтастығымызды сақтай алмаймыз.

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ